

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

27 маусым 2013 жыл

KASE Президенті Қ. Қ. Дамитовтың өкілеттілік мерзімі аяқталуы туралы

2013 жылдың 30 маусымында KASE Президенті Қадыржан Кابدөшұлы Дамитовтың өкілеттілік мерзімі аяқталады, бұл жөнінде ол KASE Биржалық кеңесіне үстіміздегі жылдың мамыр айында Биржалық кеңестің мүшелеріне өзінің өкілеттілік мерзімін әрі қарай жалғастыру бойынша өтініш жасауды жоспарламайтыны туралы хабарлады.

2013 жылдың 31 мамырында болып өткен Биржалық кеңес отырысында Қ.Қ.Дамитов өз кандидатурасын KASE Президенті лауазымына үшінші мерзімге ұсынбайтынын айтты. Қадыржан Кابدөшұлы Дамитов KASE Президенті лауазымына 2009 жылдың 30 сәуірінде алғашқы рет және 2011 жылдың 28 сәуірінде жаңа мерзімге қайта сайланған.

Биржалық кеңес мүшелері Қ.Қ.Дамитовтың қор нарығының дамуына және биржа қызметіне қосқан үлесі зор екендігін ерекше атап өтті. 2009 жылдан бастап 2013 жылға дейін Қ.Қ.Дамитовтың басшылығымен көптеген маңызды, соның ішінде, KASE операциялық қызметіне бағытталған және әлемдік стандарттарға сәйкестендіру сияқты стратегиялық жобалар іске асырылды.

Аталмыш кезеңде Қазақстанның қор нарығында орын алған дағдарыстың күрделі ықпалымен сипатталып, бұл нарықтың реттеушісі және биржаның тиісті шаралар қолдануымен қосарланды. Дағдарысқа қарсы KASE дамуы шегінде бірқатар жобалар жүзеге асырылды, соның ішіндегі ең маңыздылары бағалы қағаздардың ресми тізіміне буферлік сананттың енгізілуі және репо нарығының реформасы болды. Тәуекелдерді минимизациялау туралы заңның қолданысқа енгізілуінен кейін, жарты жылдан кем уақытта биржа өзінің нормативтік және технологиялық базасын ретке келтірді. Бұдан басқа қашықтағы сақтық орталығын қолданысқа беру бойынша жұмыстар аяғына дейін жеткізілді.

К.К. Дамитовтың биржадағы қызметі барысында биржалық және ақпараттық технологияларды дамыту саласында бірқатар жобалар іске асырылды, соның ішінде "Халықтық IPO" мемлекеттік бағдарламасы аясында KASE арқылы Қазақстанда теңдесі жоқ жазылу жүйесін енгізілді. Бірқатар бағдарламалық-техникалық жаңашылдықтар әзірленіп жасалды, атап айтқанда, алдын ала депонирлеу арқылы T+0 сызбасы бойынша бағалы қағаздар нарығында есептесу жүйесі, инвесторлар алдында бағалы қағаздар эмитенттерінің және биржа мүшелерінің ақпаратты ашуы барысында электрондық құжат айналысының жүйесі, бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығын жабу аукциондары, мерзімдік нарықтың (деривативтер нарығы) қайта іске қосылуы. 2012 жылы биржа өтінімдерді өңдеу жылдамдығын жүз есе арттыратын, жаңа сауда-саттық жүйесін әзірлеу жұмысына кірісте, осы әрекеті арқылы KASE бұл көрсеткішті биржалық қызметтің әлемдік стандарттарына жақындатты. Аталған іс-шаралар жиынтығымен қатар тәуекелдерді басқару жүйесіне және қор нарығындағы кәсіби этикаға байланысты жаңа құжаттар мен процедуралар әзірленді, сондай-ақ қолданыстағы листингтік ережелер және басқа да құжаттар мен механизмдер жетілдірілді. Биржа қолданған барлық шаралар бағалы қағаздардың реттелген ұйымдастырылған заманауи, технологиялық нарығын құруға бағытталды.

Тағы айта кететіні, осы кезеңде қалыптасқан қор нарығының жағымсыз конъюнктурасына және биржаның қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемінің айтарлықтай төмендеуіне қарамастан, дамуға жұмсалатын инвестициялар көбейді. Бұл ретте, KASE өзінің негізгі функциясының бірін – қор нарығының құралдары арқылы экономиканың нақты секторының инвесторларына ақша ұсыну қызметін табысты жалғастырып отырды, себебі KASE бағалы қағаздардың бастапқы нарығындағы айналым бұлжымай өсіп отырды.

Төрт жыл аралығында KASE екі жақты негізде шетел биржаларымен және ТМД ХБО, Еуро-азиялық биржалар Федерациясы (FEAS) және Бүкіләлемдік биржалар федерациясы (WFE) сияқты халықаралық ассоциациялармен жұмыс жүргізу шегінде тұрақты іскерлік қарым-қатынастарды нығайтты. KASE ресми тізімінің бірнеше акцияларының бағасын халықаралық агенттіктер, әлемде танымал болған, аймақтық қор индекстерін есептеу үшін қолданады, ал KASE нарықтары туралы мәліметтерді Thomson Reuters және Bloomberg нақты уақыт тәртіптемесінде трансляция жүргізеді. 2011 жылы Қазақстандағы FEAS 17-ші Бас Ассамблеясын өткізу құрметіне ие болды, бұл биржаның халықаралық қызметінің үлкен табыстарға жеткендігінің дәлелі.